


# ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Әлеуметтік қарым-қатынастар. 1-бөлім





**Дәрістің мақсаты:** әлеуметтік топтарда кездесетін төрт негізгі әлеуметтік процесті, яғни айырбас пен ынтымақтасуды, бәсеке мен қақтығысты қарастыру. Сонымен қатар негізгі және қосалқы топтардың ерекшеліктерін, топ көлемінің, бір-біріне жақындығының, байланысқа түсу ерекшеліктері мен бірлігінің, топтардың өзара әрекетке түсуі әсерін талдау.

**Негізгі терминдер:** әлеуметтік процестер, айырбас, өзара алмасу нормасы, ынтымақтасу, бәсеке, конфликт, топ.

## Әлеуметтік қарым-қатынастар

Өзара қарым-қатынастар айырбас, ынтымақтасу, бәсеке және конфликт деген төрт негізгі әлеуметтік процесспен сипатталады.

Айырбас дегеніміз – материалдық немесе материалдық емес игіліктерді ерікті түрде саудаға салу. Әлеуметтік қарым-қатынастардың көп түрі айырбас элементтерін қамтиды.

Ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін бірлесе жұмыс істеуді ынтымақтасу дейміз. Ұнтымақтасу – ортақ мақсатқа жету үшін адамдар тобының бірлесе жұмыс істеуі. Ұзаққа созылатын қарым-қатынастардың көбінде ынтымақтасу элементтері болады.

Кейде адамдар айырбас немесе ынтымақтасу арқылы мақсаттарына жете алмайды. Бәсеке – ортақ ережелермен реттелетін тапшы ресурстар үшін күрестің кез келген түрі.

Тапшы ресурстар үшін күрес ортақ ережелермен реттелмеген болса, онда конфликт шығады. Конфликт – қат ресурстар жолындағы ортақ ережелермен реттелмейтін күрес; мұнда бір тарап екіншісін жойып жіберуді, жарақаттауды не бейтараптандыруды көздеуі мүмкін.

## Әлеуметтік топтар

Топтың тобырдан ерекшелігі – топ мүшелері бір-бірін есепке алады және олардың өзара әрекеттестігі ортақ мүдде мен өзара тәуелділікке негізделеді.

Эталон топ – адамдар өздерін үнемі салыстырып отыратын топтар. Негізгі топтарға өзара тығыз және бетпе-бет әрекеттер тән. Бұлар жекелей қанағаттану мен бірлесу үшін маңызды. Бұлар – қоғамдағы әлеуметтік бақылаудың негізгі агенттері. Қосалқы топтар үлкен, ресми және жеке адамға негізделмеген болып келеді. Бұлар әдетте алға қойылған міндеттерді атқаруға бағытталған және қоғам мен жеке тұлға үшін қажетті құрал қызметін атқарады.

Топтың көлемі, басқа топтармен жақындығы, ондағы байланыс түрлері және бірлігі топтың өзара әрекетке түсуіне әсер етеді. Топтағы өзара әрекеттестік топ мүшелерінің арасындағы бірлік пен келісімге жетелейді. Бұл кейде теріс шешімдерді қолдауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік процестер дегеніміз – өзара әрекетке түсудің адамдарды жақындастыратын формалары.

Өзара алмасу нормасы – жасаған жақсылығыңа басқа адам жақсылықпен жауап береді деп күту яғни, қоғамдық қарым-қатынаста міндеттемелердің тепе-теңдігін сақтауға ұмтылу.

Ұнтымақтасу – адамдардың ортақ мақсаттарға жету үшін бірлесе жұмыс істеуі.

Топ – ортақ әлеуметтік құрылым негізінде әрекеттесетін және бір-біріне тәуелділігін мойындайтын екі немесе одан көп адамдардың қосындысы.

## Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Әлеуметтік топтарда жүретін әлеуметтік процестерді түсіндіріңіз.
2. Негізгі және қосалқы топтардың негізгі белгілерін атап, сипаттаңыз.
3. Топтардың көлеміне қарай қызмет ету ерекшеліктерін талдаңыз.



### Бақылау және талқылау сұрақтары

1. Топ деген не? Адамдар не үшін топ құрады? Автобустың ішінде немесе кинотеатрда уақытша жиналған халықты әлеуеттік топқа жатқыза аламыз ба?
2. Өз мінез-құлқыңыздың негізгі топтан гөрі қосымша топтың әсеріне ұшыраған кезін көрсете аласыз ба? Адамдар топтың мәжбүрлеуінсіз сол топтың пікірімен неліктен жиі келіседі?
3. Үлкен топтарда моральдық рух төмен болады деген пікірмен келісесіз бе, жоқ келіспейсіз бе? Неге?

### Қосымша әдебиет және ақпарат көздері

1. Ритцер Дж., Степницки Дж., Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.
2. Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С., Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 б.
3. Milgram S., Obedience to Authority: An Experimental View. New York: Harper & Row, 1974. – 224 p.
4. Miller D.E. Dyad/Triad, The Blackwell Encyclopedia of Sociology. – John Wiley & Sons, 2007.
5. Смелзер Н., Социология. – М.: Феникс, 1994. – 688 с.